

Құлжанова Б.Р.,
Сағындықұлы Б.

**Фонетикалық өзгеріске
ұшырап вариантталған көне
түбірлер (XI-XV ғғ. түркі жазба
ескерткіштері материалдары
бойынша)**

Мақалада көне түркі жазба ескерткіштерінде ұшырайтын қазіргі түркі тілдерінің тұрғысынан ескірген, архаизмге айналған сөздердің қалай вариантталғаны баяндалған. Қазақ тілінде бұрынғы тұлғасын өзгертіп барып қалыптасқан бірқатар көне түбірлер жайында сөз болған. Мұндай өзгерістерге дауысты, дауыссыз дыбыстардың түсірілу, еріндіктердің езуліктерге айналу, қатаң дауыссыздардың ұяңдануы сияқты заңдылықтардың елеулі роль атқарғандығы нақты мысалдармен түсіндірілген. Атап айтқанда, қапуғ, қапағ, қапығ, қапы, қабық, қақпа, қап формаларының бір ғана қап көне түбірінен шыққандығы негізделген. Сондай-ақ оғыз тілдеріндегі туғур > туғұл > тоғұл > оғұл; туғуш > тоғуш > оғуш тұлғалары мен қыпшақ тілдеріндегі туғур > туғұл > уғұл > уұл > ұл; туғус > туғыс > туыс тұлғаларының да даму жолдары қызғылықты түсіндіріледі. Бұл айтылғандардан сөз құрамындағы белгілі бір дыбыстың түсіріліп айтылуы оның түр-түрпатын мүлдем өзгертіп, адам танымастай етіп жібергені байқалады. Мұның өзі бұрын жиі қолданылыста болған сөзді архаизмге айналдырған. Мақаладағы мысалдар көне түркі жазба ескерткіштерінің қолжазбаларынан және туыстас түркі тілдерінің материалдарынан теріліп алынды.

Түйін сөздер: ескерткіштер, архаизм, оғыз, қыпшақ, түркі тілдері, дыбыстардың түсірілуі.

Kulzhanova B.R., Sagyndykuly B.

**The ancient roots which
underwent phonetic changes (on
the basis of the Turkic written
monuments of the XI-XVth
centuries)**

The article deals with the transformation of archaisms in the Turkic written monuments, as well as their variations in terms of the modern Turkic languages. Several changes in the ancient roots of the Kazakh language are stated. Such changes include the removal of some vowels, consonants; transformation of rounded sounds into unrounded and the voiceless into voiced consonants.

The author notes that forms such as qakpug, qapug, qapu, qabyq, qapra, qar (qapug, qapaq, qapyq, qapy, qabyq, qaqpa, qap) are formed from one root «qar» («qap»). «qar.» Features of development of such forms as tugur > tugul > togul > ogul; tugush > togush > ogush (туғур > туғұл > тоғұл > оғұл; туғуш > тоғуш > оғуш) in the Oguz language and forms of Kipchak language such as tugar > tugul > ugul > uul > ul; tugus > tugys > tuys (туғур > туғұл > уғұл > уұл > ұл; туғус > туғыс > туыс) are explained as well. One omitted sound in these words is capable to transform the word unrecognizably. This phenomenon has turned the previously words into archaisms. The examples presented in the article were taken from the materials of the ancient Turkic manuscripts and related Turkic languages.

Key words: monuments, archaism, Oguz, Kipchak and Turkic languages, elision.

Құлжанова Б.Р.,
Сағындықұлы Б.

**Древние корни,
подвергнувшиеся
фонетическим изменениям
(на материале тюркских
письменных памятников
XI-XV века)**

В статье повествуется о преобразовании архаизмов в древнетюркских письменных памятниках, а также об их вариациях с точки зрения современных тюркских языков. Излагается о нескольких измененных древних корнях казахского языка. К таким изменениям относятся удаление некоторых гласных, согласных звуков, преобразование лабиализованных звуков в нелабиализованные, озвончение глухих согласных.

Автор отмечает, что формы қапуғ, қапағ, қапығ, қапы, қабық, қақпа, қап преобразованы с одного корня «қап». Также объясняются особенности развития таких форм огузского языка, как туғур > туғұл > тоғұл > оғұл; туғуш > тоғуш > оғуш и форм кипчакского языка туғур > туғұл > уғұл > уұл > ұл; туғус > туғыс > туыс. Один отсутствующий звук в названных словах способен неузнаваемо преобразовать слово. Это явление превратило употребительные ранее слова в архаизмы. Примеры, представленные в статье, были изъяты из материала древнетюркских письменных памятников и родственных тюркских языков.

Ключевые слова: памятники, архаизм, огуз, кипчак, тюркские языки, элизия.

**ФОНЕТИКАЛЫҚ
 ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАП
 ВАРИАНТТАЛҒАН КӨНЕ
 ТҮБІРЛЕР (ХІ-ХV ҒҒ.
 ТҮРКІ ЖАЗБА
 ЕСКЕРТКІШТЕРІ
 МАТЕРИАЛДАРЫ
 БОЙЫНША)**

ХІ-ХV ғасырлар аралығында араб жазуымен қағазға түскен түркі жазба ескерткіштері едәуір дәрежеде біздің заманымызға келіп жетті. Бүкіл түркі халықтарына ортақ мұра болып есептелетін бұл жәдігерліктерді қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда біраз айырмашылықтар байқалады. Осы кездің тұрғысынан архаизмге айналған көне түбірлер осындай айырмашылықтардың бір тобын құрайды. Бірақ олар фонетикалық өзгерістерге ұшырап вариантталған қалпында осы заманғы тілдерде кездеседі. Осы мақалада қазақ тілінде бұрынғы тұлғасын өзгертіп барып қалыптасқан бірқатар көне түбірлер жайында сөз еткелі отырмыз.

Қапұғ есік, қақпа. Елиг қапұғда қысылды (Саусақ есікке қысылып қалды); ачи қапұғ тыдма барса киши ДТС, 421 (Егер кісі шыққысы келсе, қақпаны аш, оны ұстама). Ескерткіштердегі бұл сөз қазіргі қазақ тілі тұрғысынан көне. Оқырман-дар түсінбейді. Осы сөз сәл өзгерген формада орхон-енисей ескерткіштерінде де ұшырайды. *Қапығ қақпа, есік.* Ол он мың балықлар өлүм *қапығыңа* кирип (Ол он мың балық өлім қақпасына кіріп); Улуғ кичиг қамуғ будун той қапғыңа теги бардылар ДТС, 420 (үлкен-кіші барлық халық қаланың қақпасына дейін бардылар). Екі тұлғадағы айырма у~ы сәйкестігінде ғана. Ескерткіштердегі қулун, азук, бурундук сөздері қыпшақ тілдерінде құлын, азық, мұрындық, болып қалыптасқан. Бұдан екінші, үшінші буындардағы у еріндігінің ы езулігіне айналғанын көреміз. Ежелгі еріндіу у дауыстысының кейінгі замандарда езулік ы дауыстысына ауысуы – фонетикалық заңдылық. Соңғы форма соңғы ғ дыбысы түсіріліп қапы түрінде қазіргі түрік тілінде сақталған.

Бұл сөз қазақ тілінде елеулі дәрежеде фонетикалық өзгеріске ұшыраған: қақпа. Бертеін лексикалық мағынасы – 1. Адам, көлік т.б. ғимаратқа немесе оның ауласына енетіндей етіп жасалған үлкен есік, дарбаза. 2. Қорғандар мен бекініс, қададардың сыртынан қоршалып, орнатылған тосқауыл, ауыр, берік есік. Махмуд қашғаридің «Диуани луғат-ит турк» атты сөздігінде дәл осы мағыналарды беретін қапға деген форма бар. Сонда қазақ тіліндегі «қақпаның» ғ (қ) және п дауыссыздарының орын ауыстыруы арқылы, яғни метатеза құбылысы негізінде, қалыптасқаны сөзсіз.

Тарихи жазба ескерткіштердегі қапуғ және қапағ формаларын өзара салыстырсақ, түбірі қап екендігі, -уғ пен -ға жұрнақ екендігі бірден аңғарылады. Түркологияда соңғы жылдары ашылған заңдылықтар бойынша, қ,ғ,к, г дауыссыздарынан басталған жұрнақтар мен жалғаулардың барлығы құранды, олар сол дыбыстардың алдындағы морфемалардан жылысып, қосымшалармен кірігуінен пайда болған [1, 66]. Олай болса «қапғаның» бұрынғы формасы – қап+уғ+а. Профессор Б. Сағындықұлының «аса ежелгі дәуірлерде есімдердің барлығы н сонорымен аяқталған» деген пікіріне арқыа сүйесек, аталған форма қап+уғ+а(н) түрінде қалпына келеді [2, 168]. Яғни оны қап түбіріне алдымен көне -уғ жұрнағы, кейін көне -ан жұрнағы жалғану арқылы өмірге келген тұлға деп тануымызға тура келеді. Ескерткіштердегі қапуғ сөзінің тағы бір варианты – қапағ. Өтрү тақы ичгару кирди орду қапағқа тегди ДТС, 420 (Кейін қайтадан әшке кірді сарайдың есігіне жетті). Осы сөзге көне -ан жұрнағы қосылып адам есімі, лауазымы жасалған: Қапағ+ан қаған. Қутлуғ қағанның інісі Қапаған қаған 691-716 жылдары Түрік қағанатын басқарған [3]. Бұл факті де қап+ағ+ан формасымен қатар қап+уғ+ан формасының да өмірде болғандығын дәлелдейді. Олай болса, қазақ тіліндегі «қақпа» былайша түзілген: қап+уғ+ан > қап+уғ+а > қап+ға > қақпа.

Қазақ тілінде ескерткіштердегі қапуғ сөзімен тұлғалас қабық сөзі бар. Беретін мағыналары – 1. Өсімдіктердің сыртқы қабаты, қабыршағы. 2. Жүрек, өкпе сияқты ағзалардың сыртқы қабы, қапшығы. 3. Белгілі бір заттың сыдыруға келетін жұқа қабаты. Егер жоғарыда айтылғандай, у дауыстысының шыққан тегі у дауыстысы, ұяңдардың шыққан тегі қатандар екенін ескерсе. Қапуғ пен қабық бір формада тоқайласады: қапуқ.

Бізіңше, «өсімдіктің, ағаштың сыртқы қабаты, қабыршағы» ең ескі мағына – архисема. Қалған мағыналардың барлығы, атап айтқанда, «жүрек, өкпе сияқты ағзалардың сыртқы қабы, қапшығы», «белгілі бір заттың сыдыруға келетін жұқа қабаты», « қорғандар мен бекініс, қалалардың сыртынан қоршалып онатылған тосқауыл, ауыр берік есік», «адам, көлік т.б. ғимаратқа немесе оның ауласына енетіндей етіп жасалған үлкен есік, дарбаза» – туынды мағыналар.

Қазақтар жүннен, кенептен немесе мақтадан тоқылған, төрт бұрыш етіп тігілген азық-түлік, заттар салуға арналған ыдысты қап деп атайды. Бұл да – туынды мағына. «Хусрау уа Ширин» ескерткішінде қап формасы жұрнақ қосылмаса да

«қабық» деген мағына береді: қапсыз ғоз болмас [4, 126]. (Қабықсыз жаңғақ болмас). Сонымен қапуғ, қапағ, қапығ, қапы қабық, қақпа, қап формаларының туындауына көне қап (қабық) түбірінің негіз болғанын пайымдау қиын емес.

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде ұшырасатын қазақ тіліне бейтаныс сөздердің барлығы бірдей архаизм бола бермейді, көбіне олар оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдерінде (атап айтқанда, түрік тілінде) өзінің бұрынғы қалпын сақтап қазірге дейін қолданылады. Мысалы, оғул ұл, ер бала. Бу оғул не тер (Бұл ұл не дейді); ата орны аты оғулқа қалыр ДТС 364 (атаның мұрасы мен аты балаға қалады); оғлан сәби, ер бала. Кичиг оғлан ердим бедүтти мени ДТС, 363 (кішкентай сәби едім, мені өсірді). «Оғлан» тұлғасының «оғул» тұлғасынан көне –ан жұрнағы арқылы жасалғаны соншалықты түсіндіруді қажет ете қоймайды. Бұл сөздер қазақ тілінде ұл еркек бала, ер ала; ұлан жасөспірім, жеткіншек, өрен.

Сырттай қарағанда оғ дыбыс тіркесі қазақ тілінде ұ дауыстысына айналып қалыптасқан сияқты әсер қалдырады. Шындығында осылай ма? Профессор Б. Сағындықұлы өзінің «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» аталатын монографиялық еңбегінде оғул зат есімінің тоғул етістігінен пайда болғанын дәлелдеді. Яғни ол сөз басындағы т дыбысының түсіріліп, бірте-бірте заттануы арқылы жасалған екен [5, 5]. Ал көне түркі тілінде тоғул етістігі тоғур: урағут оғул тоғурды ДТС 572 (әйел ұл туды). Демек, тоғул етістігі р сонорының л сонорына айналуынан пайда болған. Түбірі – тоғ. Ескерткіштер фактілеріне назар аударсақ, у дауыстысы оғыз тілдерінде бірінші буында үнемі о дауыстысына айналып отырған. Олай болса «тоғ» түбірін «туғ» түрінде қалпына келтіруге болады. Қазақ тілі «туу» мағынасын беретін «ту» етістігінде ежелгі у-ды сақтап қалған. Сонда ең көне форманы туғур > туғул > уғул > уул > ұл. Бұл етістікке көне –ан жұрнағы қосылғанда оғыз тілдерінде былайша дамиды: туғуран > туғулан > тоғулан > оғулан > оғлан. Қыпшақ тілдерінде: туғуран > туғулан > уғулан > уулан > улан > ұлан. Қазақ тілінде ең алдымен р үндісі л-ге айналып, содан соң т және ғ дауыссыздары түсірілген, у дауыстысы ұ дауыстысына ауысып, осы заманғы тұлға түзілген.

Сөз басында т қатаңының түсіріліп айтылуы өзге сөздерде де кездеседі. Оғуш ру, тайпа. Уры қопса оғуш ақлысур (Дау көтерілсе туысқандар жиналады); қозы қықырып оғуш тердим ДТС, 365 (төменге айқайлап, туысқандарды жинадым). Бұл сөз осы қалпында қазіргі түркі тілдерінің

бірде-бірінде ұшырамайды. Осы формасында тілден шығып қалғаны дау тудырмайды. Алайда осы сөздің ұшар басына *t* дыбысын қойсақ, *тоғуш* формасы пайда болады. Қалпына келген бұл сөз қазақ тілінде *туыс* (бір атадан тараған жақын, қандас туысқан) зат есіміне сәйкес келеді. «Ру, тайпа» мағыналарына қарағанда әлдеқайда нақтылау. Сөз ортасында, сөз соңында *ш* мен *с* бірі оғыз тілдерінің, бірі қыпшақ тілдерінің белгісі болып есептеледі. Соңғы сөздің де түбірі – *туғ* етістігі. Ол оғыз тілдерінде былайша

дамыған деп есептейміз: *туғуш* > *тоғуш* > *оғуш*. Қыпшақ тілдерінде: *туғус* > *туғыс* > *туыс*.

Жоғарыдағы сөздердің қай-қайсысына да көңіл аударсақ, дыбыстардың түсіріліп айтылуы, қатаңдардың ұяндануы, еріндіктердің езуліктерге айналуы т.б. заңдылықтар елеулі роль атқарғанын байқаймыз. Бір тілдің өз ішіндегі немесе туысқан тілдер арасындағы бір-бірімен түбірлес, варианттас сөздерді осылайша анықтауға, сабақтастығын түсіндіруге болады. Бұл үшін әр түбір жеке-жеке талдануға тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 145 б.
- 2 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 258 б.
- 3 Древнетюркский словарь. – Ленинград, 1969. – 676 б.
- 4 Ибатов А. «Хусрау уа Ширин» поэмасының сөздігі. – Алматы, 1974. – 278 б.
- 5 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Монография. – Алматы, 1994. – 168 б.

References

- 1 Saghi'ndi'quli' B. Qazaq tilining tari'hi'. – Almati': Qazaq wni'versi'teti, 2011. – 145 b.
- 2 Saghi'ndi'quli' B. Qazaq tili leksi'kasi' damwi'ni'ng e'ti'mologi'yali'q negizderi. – Almati': Qazaq wni'versi'teti, 2005. – 258 b.
- 3 Drevnetyurkski'y slovar#. – Leni'ngrad, 1969. – 676 b.
- 4 I'batov A. «Hwsraw wa Shi'ri'n» poe'masi'ni'ng so'zdigi. – Almati', 1974. – 278 b.
- 5 Saghi'ndi'quli' B. Qazaq tili leksi'kasi' damwi'ni'ng e'ti'mologi'yali'q negizderi. Monografi'ya. – Almati', 1994. – 168 b.